

**ТҮРКІ ӘЛЕМІ:
ТІЛ, ҚОҒАМ, МӘДЕНИЕТ**

**ПРОФЕССОР Б.САҒЫНДЫҚҰЛЫНЫҢ
70 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
халықаралық ғылыми-теориялық
конференция материалдары
25-26 мамыр, 2009 ж.**

УДК 80/81
ББК 81.2
Т 89

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ**

Редакция алқасы:
Әбдәзұлы Қ. - филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Жоғары мектебі ҰҒА-ның академигі,

Момынова Б. - филология ғылымдарының докторы, профессор,
Исабекова Ұ. - филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

ISBN 978-601-247-034-5

Түркі әлемі: тіл, қоғам, мәдениет: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары - Туркский мир: язык, общество, культура: Материалы международной научно-теоретической конференций.

Халықаралық ғылыми-теориялық конференция әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры, түркітанушы, филология ғылымдарының докторы Берікбай Сағындықұлының 70 жылдығына арналады.

УДК 80/81
ББК 81.2

Т 462000000
00(05) -- 05

ISBN 978-601-247-034-5

© әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2009
© Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу академиясының баспаханасы, 2009

**ҚАДІРМЕНДІ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ!
ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, ҰСТАЗДАР ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕР!**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология факультетінің деканы,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Жоғары мектебі ҰҒА-ның академигі
Қансейіт Әбдәзұлы

«Түркі әлемі: тіл, қоғам, мәдениет» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның салтанатты ашылуына қош келдіңіздер!

Бүгінгі алқалы бас қосу ел таныған үлкен ғалым, әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде отыз жыл бойы үзбей дәріс оқып келе жатқан ұлағатты ұстаз, түркітанушы ғалым, көне жазба мұраларының лингвистикалық мәтінін түзіп жүрген мәтінтанушы филология ғылымдарының докторы, профессор Берікбай Сағындықұлының туғанына 70 жыл толуы мерей тойына арналып отыр.

Қазақ тілі мен тарихы, түркі тілдерінің арасалмағында қазақ тілінің алағын орны, олардың фонетикасы, лексикасы мен морфологиясындағы ұқсастықтар, ортақ белгілер мен айырмашылықтар, жалпы туыстас түркі тілдерінің даму тарихы туралы мәселелер қазақтың өз ортасынан шыққан А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы сияқты ғалымдардың еңбектерінен бастау алып, көрнекті ғалымдар І.Кенесбаев, С.Аманжолов, Сауранбаев, Қ.Жұбанов, Ғ.Айдаров, М.Томанов, Ә.Құрышжанов, А.Аманжолов зерттеулерінде ғылыми негізі қаланса, қазірде түркітанушылықтың өзіндік мектебін қалыптастыра білген академик Ә. Қайдар сынды ғалымдардың жетекшілігімен түркітаным мәселелері жан-жақты зерттелуде. Шешілмеген, даулы мәселелер де жоқ емес.

Тілдің табиғатына терең бойлап, оның тарихын тани білген, қазақ, түркі тілдерін түпкі тамырымен сабақтастырып, тұтастықта зерттеген осындай ғалымдардың бірегейі - қазақ тіл білімі, жалпы түркологияға дара ғылыми көзқарасы, нақтылы таным-түсінігімен келген ғалым Берікбай Сағындықұлы.

Берікбай Сағындықұлы бірқатар ғалымдармен біріктіретін де, енді бірде сол зерттеушілерден ерекшелендіріп, даралап тұратын да қасиеті - ол ғалымның тілдік деректерді көне түркі, орта ғасыр жазба ескерткіштерімен салыстыра отырып, оларды қазақ-түркі тілдерінің диалектілерінде, жер-су атаулары мен мақал-мәтелдері, тұрақты тіркестерде т.б. деректерде сақталған көне тұлғалармен байланыстыра зерттеп, сол негізде өз тұжырымдарын дәйекті, дәлелді етіп ұсынуында жатса керек.

Белгілі түркітанушы ғалым Э.Наджиптің жетекшілігімен жазба ескерткіштердің тілін зерттеген, орта ғасыр жазба ескерткіштерін түпнұсқада оқып игерген, араб тілін жетік меңгерген Берікбай Сағындықұлы қазіргі түркі тілдерінің фоно-морфологиялық, лексикалық даму жүйесінің басты-басты заңдылықтарын ашты. Б.Сағындықұлы ұсынған теорияның өміршеңдігі, оның белгілі бір түркі тілдерінің тобына ғана емес, бүкіл түркі тілдерінің дыбыстық даму жүйесіне ортақ, жалпылық қасиеті ғалым жетекшілік еткен кейінгі ғылыми зерттеу жұмыстарында дәлелденіп жағыр.

дағды мен іскерлікті қалыптастыруға, қызығушылықты оятуға шығармашылықпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Өздік жұмыс арқылы қалыптасқан білім-білік, дағдылар студенттің ойлау қабілетін дамытады.

Қорыта келе, кредиттік оқу жүйесінің жоғары оқу орындарында тиімділігі дәлелдене түсуде. Өздік жұмыс белгілі бір талапқа сай өз бетінше дайындық барысында ізденушілік қабілеттерін, білімге деген құштарлықтарын арттырып, білім сапасының жақсаруына ықпал етеді.

Өздік жұмыс – болашақ маманның кәсіби-әдістемелік даярлығын арттыруда оның өз бетімен шығармашылықпен жұмыс істеуіне, ынта-ықыласын арттыруға негіз болады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Пидкасистый П.И. Сомостоятельная познавательная деятельность школьников в обучении: теоретико-экспериментальное исследование. М.: Педагогика, 1980.

2. Голант Е.Я. Значение самостоятельной работы школьников. //Советская педагогика. М.: 1942

Резюме

В статье рассматриваются проблемы организации СРС в вузе.

ҚАЗАҚ ТЕРМИНДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Досанов Б.И.,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы

Қазіргі қазақ терминологиясындағы өзекті болып отырған басты мәселе – қазақ тілінде жасалған терминдердің қалыптасуындағы қиындықтар, олардың дұрыс аударылмауы, қазақ тіліндегі дұрыс нұсқаларының ұсынылмауы. Қазақ терминологиясын тіл білімі ғылымының басты мәселесіне айналдырып отырған жағдай осы сұрақтың айналасында болып отыр. Осы мақсатта оған ықпал етуші факторлар мен жағдаяттарды талдап өтуді мақсат еттік.

Терминология тілдің даму, қалыптасуымен тығыз байланысты тілдік құрылым. Сондықтан тілдің даму, қалыптасу жағдайы, әлеуметтік, психолингвистикалық жағдайы қандай үрдістерді басынан кешірсе, соның барлығы тікелей оның ішкі арнаулы салаларына ықпал етеді. Әсіресе, тілдің қоғамдағы жағдайын анықтайтын көрсеткіш – тілдің мемлекеттік тіл ретіндегі қызметінің қолданыс жағдайы болып саналады.

Бірінші себеп – мемлекеттік тілдің қолданысы құжаттар тілінің қалыптасуына, соған сәйкес салаларға байланысты орындалатын құжаттарда мемлекеттік тілдің пайдаланылуына ықпал етеді. Осы негізде мемлекеттік тіл ұлт терминологиясының жасалып, қалыптасуына келергі келтіріп отыр деп тұжырымдауға негіз бар.

Екінші себеп – мемлекеттік тілдің қолданысы жаппай қоғамдағы тілдің сананың өзгерісіне, сол арқылы арнаулы тілдік салаларға, соның ішінде, терминологияға әсер етуге тиісті. Яғни тілдің сананың өзге тілдік болып

қалыптасып отыруы да қазақ тілінде жасалған терминдердің басым көпшілігінің қолданыста орнықтауына әкеліп соғып отыр. Тілде олай айтпайды, олай аудару дұрыс емес, тілге айтуға, жазуға икемсіз деген пікірлер, тілдік сананың өзге тілдік болуының көрінісі.

Үшінші себеп – мемлекеттік тілдің кеңінен қолданылуы жаппай тілді үйренуші немесе үйретуші ортаның, сол негізде аударма терминдерді де үйренуші тілдік ортаны қалыптасуына ықпал еткен болар еді. Осымен байланысты соңғы кезеңде аударыла бастаған терминдердің өзін өзге тілде сөйлеушілер тілді үйренуде келергі келтіретін қиындықтар ретінде көрсетеді. Уәж – аударылып жатқан терминдер мен термин емес сөздер көп. Сондықтан олардың бәрін үйрену мүмкін емес деген бағыттағы тұжырымдар. Негіз бар шығар, бірақ мемлекеттік тілдің қолданысымен байланысты біртұтас тілдік орта болған жағдайда өзге дамыған елдердегідей бұл тілді үйренуге келергі келтіретін фактор болмауға тиісті еді.

Төртінші себеп – талап мәселесімен байланысты. Оны қатаң тілдік саясатын факторы деп те атауға болады. Өкінішке орай, осы факторды қолға алмауымыздың салдарынан тілге ғана емес, құжаттардың, ғылыми еңбектердің мемлекеттік тілде басым жазылмауына, сол арқылы мемлекеттік тілдегі терминдердің қолданысын талап етпеуге жағдай жасап отырмыз. Талап болған жағдайда тілдің ғана емес, күрделі тілдік қабат болып саналатын терминдердің де қоғамда, ғылымда, құжаттар айналымында және т.б. коммуникация түрлерінде қолданыс тауып кететіндігінде күмән жоқ. Бұл орайда, сөздің реті келгенде, мемлекеттік тіл мәселесін қолға алушы үкіметтің өзі де шартты шаралардан асып түсе алмай отырғандығымызды айтып өтуге тура келеді. Оған халықты, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын қалайтын тілді қолданушы жергілікті ұлт өкілдерін алдап отыр деп те баға беруге болады. Мұндай баға, тұжырым жасауға да негіз бар. Ол негіздерге тоқталсақ, барлық мекемелерде, кәсіпорындарда, тіпті кезінде Тілдерді дамыту департаменті, қазіргі Тіл комитетінен бастап мемлекеттік тілді қоғамда енгізуге байланысты шаралардың, сол негіздегі жоспарлардың денін осындай шартты шаралар ретіне құралды. Нақтырақ айтқанда, ақын-жазушылар шығармашылығына арналған кештер, кездесулер, жекелеген мәселелерді талқылаумен шектелетін, ешқандай өкілетті органдарға ұсынысын өткізе алатын өкілеттілігі жоқ, жеке есептер үшін қажетті семинарлар мен конференциялар нәтиже бермесі анық.

Өзге тілдік қабаттар секілді терминологияға ықпал етуші тілдік және тілден тыс факторлар бар десек, соның маңыздыларының бірі – терминологиялық комиссия жұмысы болып табылады. Терминком – терминдерді реттеу, бірізге түсіру, үйлестіру жұмысын атқаратын, терминдердің қолданылуға тиісті нұсқасын бекітіп беріп отыратын құзіреті бар мемлекеттік мекеме. Терминком терминология мен арнаулы сөздерді қарастырып, бекітуші мекеме ретінде барлық елдерде қызмет етеді, бар.

Терминком – терминологияға әсер етуші әрі тілдік, әрі тілден тыс фактор ретінде ықпал ететіндігін айтып өтуге тура келеді. Өйткені мекеме ретінде бұл ұйым терминдерге қатысты тілдік мәселелерді қарастырумен бірге, әкімшілік ресурсы бар мекеме ретінде тілден тыс ықпал ету қызметін де жүзеге асыра алады. Бірақ қазіргі Қазақстандағы терминкомның осы қызметтерді атқара алып отыруы, болашақта атқару мүмкіндігі тоқталып өтуді керек етеді. Өйткені шындап келсек, 1933 жылдан

бері қызмет етіп келе жатқан терминком қазіргі кезде терминдердің ғылыми коммуникацияда бірізді қолданылуына ықпал ете алмай, қамтамасыз ете алмай отыр.

1933 жылдан қызмет еткен мекеме кеңес дәуірі тұсында қазақ терминологиясының өзгерістеріне өз мүмкіндігінше ықпал етіп, даму мен қалыптасуға септігін тигізді. Әрине, өз кемшіліктері де болды, оны да жоққа шығаруға болмас. Бірақ терминкомның көптеген жылдар бойы қазақ терминологиясының әр түрлі кезеңдерден өтуіне жасаған ықпалы мен рөлін біржақты сызып тастап, жоққа шығару да ғылыми әдепке сай келмейді. Бір сөзбен, Қ. Жұбановтан бастау алған терминком жұмысы мүмкіндігінше әр кезеңде қазақ терминологиясының қалыптасуына ықпал ете алғандығын айтуымыз қажет.

Алайда, қазіргі терминком жұмысының қарқыны мен ауқымын, құзіретін әр түрлі бағалауға болады. Бір жағынан өз мүмкіндігінше терминком терминдерді реттеуге үлес қосып жатса, екінші жағынан, бұл атқарылып жатқан жұмыстар қазіргі терминологияның даму деңгейі тұрғысынан жеткіліксіз болып есептелсді. Олай бағалау орынды. Өйткені қазіргі терминком жұмысының бұлай бағалануы бірнеше себептермен байланысты.

Біріншіден, қазіргі терминологияның даму деңгейін кезіндегі кеңестік кезеңдегі және оған терминологияның даму деңгейімен салыстыруға болмайды. Терминологияның теориялық және практикалық мәселелерінің дамуымен байланысты шешуді қажет ететін мәселелер реті ұлғайды. Кеңестік дәуірде терминком да, терминологиямен айналысушы басқа мекемелер де қазақ терминологиясының мәселелерін зерттеуге азырақ көңіл бөлгендігін де ескермеуге болмайды. Бұдан шығатын тұжырым – қазіргі қазақ терминологиясында зерттеп, талқылайтын мәселелер жинақталып қалған. Оның үстіне, әлемдік терминтану ілімі терминдерді қарастыруда, оны реттеуде басқа дамыған, жетілген технологиялар мен тетіктерді енгізіп отыр. Осы мәселелер тұрғысынан келгенде, қазіргі интеграциялық кезеңде қазақ терминологиясындағы атқарылып жатқан азды-көпті жұмыстардың терминдерді ретке келтіру, бірізге түсіру жұмыстарын жүзеге асыруға мүмкіндігі жете бермейді. Яғни жасалып жатқан жұмыстар реті терминтанудың қажеттіліктері мен сұраныстарын қанағаттандыра алмайды.

Екіншіден, қазіргі қазақ терминологиясындағы терминдерді аудару ісімен байланысты қалыптасып отырған жағдай көптеген жаңа терминдердің өмірге келуіне ықпал етіп отыр. Айына бір рет жиналатын терминком осының барлығын қарап, талдап, дұрыс жобасын ұсынып үлгереді деп айту қиындау екендігі түсінікті.

Үшіншіден, терминком айына небәрі 50-60 қана, кейде тіпті одан да аз терминдер санын бекітумен айналысады. Бұл қазіргі терминдерді реттеуге жеткіліксіз екендігі анық. Қалыптасып отырған жағдай терминдерді реттеу ісінде ауқымды істердің барлығынан ақпарат береді.

Төртіншіден, бекітілген терминдердің қолданысы бақылауды қажет ететіндігі анық. Өйткені кез-келген бұйрықтың, заңның, өкімнің, қаулының, жарлықтың орындалуы құзіретті органдар тарапынан зерттеліп отырады. Бұл еліміздегі заңды мекемелердің барлығында жүзеге асырылатын үрдіс. Өкінішке орай қазіргі терминкомда мұндай мүмкіндік пен құзірет бар деп айта алмаймыз. Өйткені бекітілген терминдердің қадағалануы заңды күшке ие емес. Әрі айына жиналған

комиссия мүшелері аздаған терминдерді талқылаумен шектелетін комиссияның олардың түрлі ғылым салаларында жазылып жатқан монографиялар мен оқулықтарда, ғылыми еңбектерде, бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылуын бақылап, тексеріп отыратын уақыты да, мүмкіндігі де жоқ екендігі анық. Демек, қазіргі терминкомның терминдерді бекіту ісімен айналысуы да шартты үрдіс болып табылады.

Бесіншіден, терминдер қолданылатын ғылыми еңбектердің баспа бетінен жарық көруін қадағалау тетігі де елімізде жоқ. Өйткені нарықтық экономика заңдылықтарына негізделген баспа ісі еңбектің қажеттілігі мен қажетсіздігін анықтап жатпайды. Тек шартты түрде ғылыми мамандардан пікір алумен, ұсыныс алумен шектеліп, кез-келген кітапты немесе еңбекті қаржысына қарай басып шығарумен айналысады. Бұл да – терминдер қолданылатын ғылыми басылымдар мен еңбектердің қадағалауға кері ықпал ететін факторлардың бірі болып табылады. Демек, терминком шыққан кітаптарды талдау жасаумен айналысуға тура келеді деген сөз.

Алтыншыдан, қазіргі терминдерге байланысты сала-сала бойынша терминологиялық сөздіктер көптеп шығарылуда. Сөздіктердің көптеп шығарылуы орынды-ақ шығар. Орынды дейтін себебіміз – көпшілік қажеттілігін қанағаттандыратын сөздіктер санының көп болғаны орынды. Басқа жағынан, терминдерді қалыптастыру ісіне олардың көптеп шығарылуы оң ықпал етуге тиісті. Яғни көптеп шығарылған терминологиялық сөздіктер жаңа терминдер санының сұрыпталуына, сұрыпталған нұсқаларының қолданыста орнығуына ықпал етуге тиісті. Мысалы, биология саласына қатысты оқулықтар мен ғылыми еңбектерде түрлі нұсқаларда қолданылып келген клетка термині жасуша, торкөз нұсқаларында әр түрлі нұсқада қолданылып келіп, қазіргі оқулықтарда бірізге түсе бастады. Оған ғалымдардың талдау еңбектерінің үлесі де болды.

Терминдердің қалыптасуы және соған сәйкес терминология саласының даму бағыт-бағдары қай кезеңде болмасын әр түрлі қоғамдағы қалыптасқан жағдайлармен байланысты болғандығы және сол үрдіс кезеңдер енісінде өз жалғасын тауып келе жатқандығы терминология тарихы үшін де, қазіргі терминологияның даму ерекшелігі үшін де құпия емес. Солардың бірі – тілдік жағдайымен және тілдік санамен байланысты.

Қазақ тілінде атау, сөз, термин жасауға орыс тілділердің тілдік санасымен бірге, қазақ тілін, білетін, түсінетін тілді қолданушылардың өзінің тілдік санасының таза болмауы кері әсерін тигізіп отыр. Терминдерді аудару ісі мүмкіндігінше жүргізілуде екендігі баршамызға белгілі. Бірақ таза тілдік сананың болмауы сол аударылған термин алмауда. Мұнда қазақ тілінде сөйлейтін, жазатын, тіпті қазақ тілінің болып отырған қазіргі кез-келген маманның тілдік санасы таза қазақ ұлтының санасы деп айта алмаймыз. Әрине, сана да қоғамға байланысты өзгеріп, дамып отыратын шығар. Мүмкін, сондықтан қазіргі қазақтардың барлығының санасын, ойлау жүйесін ХІХ ғасырдағы, тіпті одан беріректегі қазақтардың санасымен салыстыруға болмайтын шығар. Бірақ өркениетті елдердің тілдеріне көз жүгіртсек, термин қабылдау, жасау, қалыптастыру ісіне мән берсек, тілдің, терминологияның, тілдік, терминологияның дамуы ұлт тілінде, ұлттың ғылыми ойлауынан арылумен өлшенбейтіндігі анық. Сол тұрғыдан келгенде, қазақтардың

тілдік санасындағы өзгерістер, ғылыми ойлау жүйесіндегі, терминдерді қабылдаудағы, қолданысындағы өзгерістер құптарлық жағдайда емес. атқарылып жатқан жұмыстардың жылдамдық жүзеге асырылуына ұйғқы болатын негіз.

Сонымен бірге сапалы терминологиялық сөздіктердің шығарылып, терминологиялық басылымдардың қолданушыларға, ғылыми-көпшілік қауымға жеткілікті деңгейде тарауы да қазақ терминдеріне қатысты

Жинақтай келгенде, мемлекеттік тілдің қолданыс аясының кеңеюі, терминком жұмысы, ұлттың тілдік санасы мен психологиясының дамуы, терминологиялық басылымдардың таралымы – қазақ терминдерінің қалыптасып, терминологиялық күрделі мәселелердің тиімді шешілуіне ықпал ететін қозғаушы күштер.

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТІЛДІК ЕМЕС ТЕРМИНДЕР

Қ.Ә.Қарабаева
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Жалпы терминдерді, оның ішінде лингвистикалық терминдерді жасалу жолдарына қарай жіктеу барысында бірнеше жіктелім үлгілерінің қолданылатындығы байқалады. Атап айтқанда ғалым академик Ө. Айтбаев терминдерді ең әуелі *тілдік және тілдік емес* терминдер деп жіктеп алады да, тілдік терминдер қатарына:

1. термин сөздер (терминдік мәндегі сөздер)

2. сөз тіркесі түріндегі терминдер

тобын жатқызып, олардың өзін іштей бірнеше түрге бөледі. Ал, *тілдік емес* терминдер деп неше түрлі таңба белгілерін, графикалық символдарды, түрлі өрнектер (формула) мен сандар тобын кіргізеді [1].

Профессор Н.Оралбаева тілімізде жиі қолданылатын әріптердің өзінің де шартты графикалық таңба болып табылатындығы туралы: «*Әріп дыбысты белгілегенімен, әріп пен дыбыстың арасында табиғи байланыс жоқ. Әріп – шартты таңба. Әріпте құбылмалылық қасиет жоқ, ол тұрақты, бірақ адамдардың өзара келісімімен оны өзгертуге болады*», - дейді. Демек, әріп, сан немесе солардың екеуінің де қатысуы арқылы жасалған индекстеу үлгілері, түрлі формулалар мен өзге де графикалық шартты белгілер тілдік емес терминдер тобын құрайды. Алайда, кейбір ғалымдар қазіргі «ғылым тілі» (математикалық, химиялық т.б. формулалар) дыбыстық тілдің нағыз өзі емес (Ә.Хасенов) және бұл тілдік емес терминдер негізінен ғылыми-техникалық терминологияға тән (Г.И.Литвиненко, А.Н.Дядечко) деп санайды.

Ғалымдардың осы пікірлері, қазақ тіл білімінде қолданылатын тілдік емес терминдердің қалыптасуы, олардың түрі, қолданылу жиілігі және өзге де ерекшеліктері туралы арнайы сөз етудің қажеттілігін көрсетеді. Соңғы жылдары кейбір тілдік емес терминдердің де лингвистикалық еңбектерде жиі қолданыла бастағанын байқаймыз. Оның себебі не? Әрине, бұл құбылыс тілдік ерекшеліктерді зерттеуде жаңа конструктивті бағыттар мен әдістердің қолданылуымен

түсіндіріледі. Сондай бағыттың бірі – лингвистика мен математика ғылымдарының синтезінен туындаған статистикалық лингвистика. Статистикалық лингвистика математикалық статистика әдістемесіне сүйенетін болғандықтан, тілдік бірліктердің сапалық және сандық қасиеттері арнайы математикалық өрнектермен анықталады. 1968 жылы алғаш құрылған кезінде «Статоллингвистикалық зерттеу және автоматтандыру», кейін «Лексикографиялық жұмыстарды автоматтандыру» деп аталған арнайы жұмыс тобы қазақ тіл білімінің осы бір саласы бойынша 8 кітап, 3 ғылыми жинақ, 200-ге жуық ғылыми мақалалар шығарған. Ғылыми жұмыстар қорғалған [2, 370-б.]. Нәтижесінде тіл білімінде де кейбір тілдік емес терминдер қолданысқа еніп, пайдаланыла бастады. Әрине бұл еңбектерде қолданылған тілдік емес терминдер көпшіліктің бәріне бірдей түсінікті деп айта алмаймыз. Сондықтан олар пәрменді терминдерден гөрі, тіл ғылымының белгілі бір саласында ғана мамандар жиі қолданатын, арнайы таңбалар болғандықтан оларды пәрменсіз тілдік емес терминдер деп атаған дұрыс деп білеміз. Әдетте мұндай терминдер шартты белгі түрінде, графикалық таңбалар және құрамы сандар, әріптерден тұратын күрделі өрнек түрінде де кездеседі. Мәселен, Асқар Жұбановтың «Қазақ тілінің статистикасы» атты оқу құралында белгілі бір сөздің мәгін ішінде немесе шығарманың өн бойында алатын үлесін анықтау үшін арнайы математикалық өрнектерді, компьютер арқылы түрлі жиілік сөздіктер жасаудың біріккен және іріленген алгоритмін жасау үшін сызба-гоптамаларды (блок-схема) және басқа да математикалық үлгілерді (модель) шебер қолданғанына көз жеткіземіз.

Қазақ тіл білімінде пәрменді қолданылатын тілдік емес белгілерден тұратын терминдер қатарына көпшілік қауымға таныс түрлі тыныс белгілері мен сөйлем мүшелерін даралап көрсету үшін қолданылатын түрлі графикалық сызық түріндегі шартты белгілерді жатқызуға болады. Тілімізде қолданылатын *сызықша, үтір, қос нүкте, нүкте, леп белгісі, сұрақ белгісі, тырнақша* сияқты сөйлем мағынасына, синтаксистік ерекшелігіне және интонацияға қарай қойылатын тыныс белгілерінің өзіндік мән-мағынасы мен қызметі С.Жиенбаев, А.Ысқаков, Ә.Хасенов, Ф.Мұсабекова, Р.Сыздықова, Н.Оралбаева, Н.Аблақов сынды ғалымдарымыздың еңбектерінде арнайы сөз болып, ғылыми тұрғыда зерттелген. Мәселен, Н.Аблақов тыныс белгілеріне тән қасиеттерді ескере отырып, бұл терминге: «*айтайын деген ойды нақтылы, дәл, түсінікті етіп жеткізу үшін, баяндалмақшы пікірді айқын білдіру үшін қойылатын жазуға тән шартты белгі*» [2,412-б.], - деген анықтама берген. Ал, олардың көмекші қасиеті ретінде сөз тіркесі мен сөйлемдерді айту немесе оқу барысында байқалатын түрлі кідірістерді, сөйлеу барысында дауыстан аңғарылатын әрқелкі құбылыстарды білдіре алатындығын айтады.

Орыс тіл білімінде тыныс белгілері жазба мәгін мен баспа мәтіндерінің құрылымын реттейтін әліпбиден тыс графикалық белгі деп түсіндіріледі. Сонымен қатар қолданыстағы тыныс белгілерінің қызметі мен тұлғалық сипатына қарай оларды *разделительные (ажыратушы – ҚҚ.) және выделительные (даралаушы – ҚҚ.), одиночные (жалаң – ҚҚ.) және парные (жұп – ҚҚ.)* деп жіктейді [3]. Ажыратушы белгілерге сөйлем соңында қолданылатын *нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте белгілері* мен сөйлем ортасында қойылатын *үтір, үтір нүкте, қос нүкте, сызықша, көп нүкте* түрлері жатқызылады. Даралаушы белгілер тобына әдетте жұбымен жұмсалатын *жақша, тырнақша, қос сызық, қос үтір, қос көп*

С.Б.Бөрібаева, М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы есімді сөйлемдердің қолдану аясы	454
Жекеева К.О. Шәкәрім Құдайбердіұлының "алты топтамаға" енген аудармалары жайында	459
БалмұханқызыМ. Жеңіске жетелеген жырлар немесе Жамбыл жырларындағы патриоттық тағылымдар	465
Тебегенова А.Т. Жамбыл – сөз өнеріндегі көркемдік ойлау феномені	468
Аскарова Г. Рабғузидің «Шыншыл Жүсіп» қиссасы	473
Өгемісова Ғ.Ж. Сырбойы ақын-жазушылары шығармаларының лексикасындағы көнерген сөздер және стильдік-тілдік ерекшеліктері (Нұртуған Кеңежұлұлы мен Ерiмбет Көлдейбекұлы шығармалары бойынша)	478
Ниязбек Ж., «Нибат-ул хақайиқ» дастаны қолжазбаларындағы фонетикалық айырмашылықтар	482
Мағнұрова Р.К. Жақсыз сөйлемнің бір негізді сөйлемдер тобына жататынын анықтау	486
Акқимбек С. Қазақ тілінің инновациялық технологиядағы қолданбалы мақсаттары	492
Коканова Ж.А. Сөз сырына үңілесек	497

ТІЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ: МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ, ТЕРМИНОЛОГИЯ

Дүйсембекова Л.С. Қазақ тілінің басқару және білім беру саласында қолданылуы	500
Мұқамбетқалиева М.А. Танымдық біліктерді дамыту – құзыреттілікті қалыптастыру құралы	505
Алдамжарова М.Г. Стилистически значимые композиционно-синтаксические формы в творческом контексте сатимжана санбаева	509
Тасымов А. Тіл тарихы мен диалектологияның сабақтастығы	520
Алтаева А.К.Предикативті актуализациялық категориялар астастығы	525
Онгарбаева А.Т. Применение активных методов направлено на создание активной обучающей среды	531
Абдразахова Ф.Ж. Қазақ тілін үйренуге арналған оқу-әдістемелік кешен	534
Жусанбаева С.Б. Дидактикалық көпөлшемді құралдарды құрудың теориялық-әдістемелік негіздері	536
Абдрахманова Қ.Ж. Қазақ тілі сабағында мәтіндерді оқыту арқылы қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру	540
Асқар Л. Елтаным сабағында танымдық мотивті дамыту немесе қызғалдақ туралы сабақ	545
Бектұрғанова Ж.М. Стилистиканы оқытудағы тілдік талғам мәселесі	549
Айтбенбетова А. Қ. Диалог құрылымындағы тілдесімдік көрсеткіштер	554

Миллионова А.К. Қазақ тілі сабағында іскерлік ойындарды қолдану	560
Бакилова А.О. ЖОО – ның экономикалық факультеттерінде қазақ тілі сабағында дыбыс үндестігін оқытудың жолдары	563
Абитова Г.Т.Мемлекеттік тілді оқыту мәселелері	567
Байтiмбетова П.А. Студенттің өздік жұмысын ұйымдастырудың кейбір мәселелері	569
Досанов Б.И. Қазақ терминдерін қалыптастырудың алғышарттары	572
Қарабасва Қ.Ә. Қазақ тіл білімінде қолданылатын тілдік емес терминдер	576
Қарабасва Қ.Ә. Қазақ тіл білімі терминдері қалыптасуының экстралингвистикалық факторлармен байланысы	581
Кеңжебаева Г.М. Қазақ диалектологиясын оқытудағы модуль бағдарламасын жасаудың ұстанымдары	588
Құрманова А.К. Жағтығуларды студенттердің мамандықтарына бейімдеп орындату жолдары	596
Шенгелбасва Н.Р. Әскери терминдердің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуы	604
Айсұлтанова К.А. Термин шығармашылығының сатылары	607
Қарабаев А.Т. Қажым Басымовтың грамматиканы оқыту жайынан	611
Жапбарова Г. А., Анартаева Г. А. 5-10-сынып оқушыларының жазбаша тілін дамыту әдістемесінің лингвистикалық негіздері	615
Жумабсқова Г.С. Формирование коммуникативной компетенции на уроках фонетики русского языка в классах с нерусским языком обучения	621
Оспанова Д.Е. Орта мектепте жай сөйлемді дамыта оқытудың дидактикалық негіздері	628
Рахимова Т.К. Зат есімді оқыту жолдары	632
Сабыр Ж. З. Қазақ тіліндегі сөйлемдерді модельдудің әдіс-тәсілдері	637

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СТИЛИСТИКАСЫ ЖӘНЕ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ, БАҚ ТІЛІ

Есенова Қ. Газет мәтiнiндегi прагматикалық пресуппозиция	640
Мансұров Н.Б. Бүгiнгi баспа бетiндегi дiни лексиканың қолданысы	643
Р.Сәкенова. Тiл мәдениетi және пәнаралық байланыс	647
Ермахан Л.Т.Қазақ газеттерiндегi заттық-мәдени лексиканың коммуникативтiк ролi	652
Еисебасва К. Тарихи романдар мәтiнiндегi автор ойы – көпсатылы құрылы	656
Аширова А.Т. Газет бетiндегi атаулардың берiлуi	660
Бөрибай Б. I. Ресми -iс қағаздар стилiнiң ерекшелiктерi	665
Шонайбаева А.Т. Өкiлеттiк құжаттар тiлi – iс қағаздар тiлiнiң үлгiсi	668
Жұмағазина Р. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы газеттер тiлiндегi бағалаушытық	673